

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарты**

**1.** «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ЖИТС облыстық орталығының қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін білдіреді.

**2.** Стандарт «ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің (бұдан әрі – қызметкерлер) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік ахуалына қол жеткізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау үшін арналған.

**3.** Стандарттың қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) транспаренттілік;
- 3) әдептілік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

**4.** Қызметкерлер лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктер мен олардың органдарының шешімдеріне байланысты болмайды.

**5.** Қызметкерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шеңберінде қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидаларын сақтайды:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- адал, әділ, қарапайым болады, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтайды, сыпайылық пен әдептілік танытады;
- қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін;

азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бойынша шаралардың уақтылы қабылдануын;

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығын, азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеушілікті қамтамасыз етеді;

-азаматтардың келісімінсіз олардың АИТВ-мәртебесі, жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы туралы мәліметтерді жария етуге мүмкіндік бермейді;

2) өз құзыреті шегінде басқару және өзге де шешімдер дайындаған және қабылдаған кезде мыналарды:

барлық құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың құзыретін нақты шектеу және оларды жұмыс істеуін келісуді;

лауазымдық өкілеттіктерді орындауға қатысы жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен нұсқаулар шығаруға жол бермеуді;

туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуді;

меритократия қағидаттарын сақтауды;

қабылданып жатқан шешімдердің заңдылығы үшін жеке жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

3) күнделікті қызметте:

лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмайды;

жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды;

қажет болған жағдайда тікелей немесе нақты басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке қызығушылық туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы хабарлайды;

әріптестерге және басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден тартынады;

қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамайды және бермейді;

лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпейді;

мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбайды;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытады;

жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдайды;

өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың

салдарының туындауы мүмкін себептер мен жағдайларды жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдайды;

қызметтік тәртіпті және қызметтік әдепті сақтайды;

өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық жауаптылықта болады.

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алумен байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғалар:

- мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсайды;

- Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер береді;

- әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік жасайды;

- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді;

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермейді;

- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілгендерді әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатыстыруға жол бермейді.

#### **6. Басшы:**

өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болады;

басшылықты жеке-дара өкімшілік қызмет жолымен жүзеге асырады және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапты болады;

қарамағындағылардан өздерінің лауазымдық өкілеттіктері шеңберінен шығатын тапсырмаларды орындауды талап етпейді;

қарамағындағы қызметкер өзіннің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдайды;

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша түбегейлі шаралар қабылдайды;

қарамағындағылармен құмар ойындарға қатысудан бас тартады;

өзінің қарамағындағы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйіне және олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға жол бермеуге дербес жауапты болады.

**Антикоррупционный стандарт  
поведения сотрудников Коммунальное государственное предприятие  
на праве хозяйственного ведения «Областной центр по профилактике  
и борьбе со СПИД» коммунального государственного учреждения  
«Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области»**

**1.** Антикоррупционный стандарт поведения сотрудников КГП на ПХВ «Областной центр по профилактике и борьбе со СПИД» КГУ «Управление здравоохранения акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Стандарт) разработан в соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции», Методическими рекомендациями по разработке антикоррупционных стандартов, утверждёнными Агентством РК по делам государственной службы и противодействию коррупции в обособленных сферах общественных отношений и представляет собой систему рекомендаций, направленную на предупреждение коррупции в сфере общественных отношений, возникающих при осуществлении информационно-аналитического, организационно-правового и материально-технического обеспечения деятельности Обласного центра СПИД.

**2.** Стандарт предназначен для формирования устойчивого антикоррупционного поведения сотрудников КГП на ПХВ «Областной центр по профилактике и борьбе со СПИД» (далее – сотрудники), достижения атмосферы нетерпимости к любым проявлениям коррупции, а также для своевременного выявления коррупционных проявлений и предотвращения их негативных последствий.

**3.** Принципами Стандарта являются:

- 1) законность;
- 2) транспарентность;
- 3) этичность;
- 4) соблюдение прав и законных интересов физических и юридических лиц и их защита от коррупционных проявлений;
- 5) недопущение конфликта интересов.

**4.** Сотрудники при исполнении должностных обязанностей руководствуются требованиями законодательства Республики Казахстан и не связаны с решениями политических партий, общественных объединений и их органов.

**5.** Сотрудники в рамках действующего законодательства Республики Казахстан соблюдают правила поведения (действия) лиц, работающих в сфере общественных отношений:

- 1) при реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц:
  - быть честным, справедливым, скромным, соблюдать общепринятые морально-этические нормы в обращении с физическими лицами, представителями юридических лиц и коллегами, проявлять вежливость и корректность;
  - обеспечивают законность и справедливость принимаемых решений;
  - своевременность принятия мер по обращениям граждан и юридических лиц;

приоритет прав и свобод граждан, недопустимость проявлений бюрократизма и волокиты при рассмотрении обращений граждан и организаций;

- недопускают возможности разглашения без согласия граждан сведений об их ВИЧ-статусе, частной жизни, личной и семейной тайне;

2) при подготовке и принятии управленческих и иных решений в рамках своей компетенции обеспечивают:

чёткое разграничение компетенции и согласованное функционирование всех структурных подразделений и должностных лиц;

недопустимость издания приказов и указаний, не имеющих отношение к исполнению должностных полномочий и (или) направленных на нарушение законодательства Республики Казахстан;

недопустимость случаев подбора и расстановки кадров по признакам родства, землячества и личной преданности;

соблюдение принципов меритократии;

персональную ответственность за законность принимаемых решений;

3) в повседневной деятельности:

не руководствоваться личными и корыстными интересами при исполнении должностных обязанностей;

соблюдают общепринятые морально-этические нормы;

при необходимости доводят до сведения непосредственного или прямого руководителя о возникновении конфликта интересов, личной заинтересованности при исполнении служебных обязанностей, о склонении к коррупционному поведению и получению подарков;

воздерживаются от обращения к коллегам и руководителям с неправомерными просьбами, нарушающими установленный порядок взаимоотношений, которые могут оказать влияние на принятие ими беспристрастного служебного решения;

не принимают, и не дарят подарки в связи с исполнением служебных полномочий;

не оказывают неслужебные услуги для получения с использованием должностных полномочий имущественной выгоды, блага либо преимущества;

не используют служебную и иную информацию, не подлежащую распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ;

проявляют активность в противодействии коррупции, в раскрытии коррупционных правонарушений;

поддерживают соблюдение высокой правовой и антикоррупционной культуры;

на постоянной основе принимают меры по устранению причин и условий возможного возникновения конфликта интересов, коррупционных правонарушений и их последствий в ходе выполнения своих должностных обязанностей;

соблюдают служебную дисциплину и служебную этику;

за невыполнение или ненадлежащее выполнение своих служебных обязанностей несут гражданско-правовую, дисциплинарную, административную, уголовную ответственность.

4) при осуществлении государственных закупок, связанных с приобретением товаров, работ, услуг, должностным лицам:

- оптимально и эффективно расходовать денежные средства, используемые для государственных закупок;

- предоставлять потенциальным поставщикам равные возможности для участия в процедуре проведения государственных закупок, кроме случаев, предусмотренных Законом;

- добросовестной конкуренции среди потенциальных поставщиков;

- открытости и прозрачности процесса государственных закупок;

- не допускать коррупционных проявлений;

- не допускать участие в качестве потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя) имеющих неисполненные обязательства по исполнительным документам и включенных в Единый реестр должников.

#### **6. Руководитель:**

своим поведением служит примером беспристрастности, справедливости, бескорыстия, уважительного отношения к чести и достоинству личности;

осуществляет руководство путем единоличной распорядительной деятельности и несет персональную ответственность за законность принимаемых решений;

не требует от подчиненных исполнения поручений, выходящих за рамки их должностных полномочий;

своевременно принимает исчерпывающие меры по урегулированию конфликта интересов, возникшего у подчиненного сотрудника в ходе выполнения им своих служебных обязанностей;

принимает исчерпывающие меры по предупреждению коррупции и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений;

воздерживается от участия в азартных играх с подчиненными;

несет персональную ответственность за состояние антикоррупционной работы среди подчиненных им сотрудников и недопущение совершения ими коррупционных правонарушений.